

Диабет — бұл қанда қант мөлшерінің көбейіп кетуінен пайда болатын дерт.

Қант диабетінің пайда болу себептері:

Инсулинді өндіріп шығарушы асқазан асты бездерінің клеткаларын бұзатын **вирусты жұқпалар**. Диабеттің дамуына ықпал ететін вирусты жұқпалар: қызамық, вирусты паротит (шошқаборық), желшешек, вирусты гепатит және тағы басқалар.

Тұқымқуалаушылық ықпал. Әдетте қант диабетімен ауыратын адамдардың туыстарында қант диабеті жиі кездеседі. Егер ата-анасының екеуі де қант диабетімен ауыратын болса, олардың балалары диабетпен ауыру қаупі-100 %, егер ата-анасының бірі ауырса-50 %, ағасы немесе әпкесі диабетпен ауырса- 25 %.

Артық салмақтық;

Холестериннің шамадан тыс деңгейі;

Қан қысымының жоғарылығы;

Дұрыс тамақтанбау;

Күйзеліс пен уайым.

Қант диабетінің белгілері:

Қатты шөлдеу;
Бөлінетін зәр мөлшерінің көбеюі;
Жоғары терлегіштік;
Салмақты жоғалту және т.б.

Қант диабетінің асқынуы:

Жіті асқынулар
диабеттік кома; гипогликемия.
Созылмалы асқынулар жүрек пен қан
тамырларын зақымдау; көзді
зақымдау; аяқты зақымдау.

Пациентке глюкометрмен қандағы қант деңгейін тексеруге уйрету.

Әрбір диабеті бар науқас қандағы глюкозаны өздігінен анықтай білуі керек.

Қандағы глюкозаны анықтау
Саусақтан қан алынады. Саусақ ұшын арнайы қазіргі заманғы ланцетпен автоматтандырылған тескіш көмегімен тесіп, тамшы қан алынады. Саусақ ұшының ортасынан емес, жанынан тесудің мәні бар, ауырмайды, онда нерв ұштары азырақ. Глюкометр жолақшасына қан тамшысы түсумен, есеп құралы қандағы қант деңгейін көрсетеді.



Пациентке инсулинлі шприц-қаламсапты қолдануды үйретеміз:

- Футлярды ашамыз,қаламсапты аламыз,қақпағын ашамыз;
- Инесін саламыз;
- Инсулин араласуы үшін қаламсапты жоғары — төмен қозғаймыз;
- Инеде ауа қалмас үшін 2 БР дозаға келтіріп жібереміз;
- Керекті дозаға келтіріп,иыққа немесе іш аймағына (кіндік айналасы),сан аймағына егеміз; Мән береміз:егу барысында бас бармақ және сұқ саусақ көмегімен инъекция орнын қысамыз.
- Бас бармақ және сұқ саусақты босатып 7- 10секунд күтеміз.
- инені алып,қақпағын жауып футлярға саламыз.



№9 емдәмде көмірсуларға баға беру үшін мына жағдайларды ескеру қажет:

1) емдәмде жеңіл сіңірілетін көмірсулардың (крахмал) болуы. Қантты диабеттің жеңіл түрінде қант және қант өнімдері бар тағамдарды қолданбайды, ал орта және ауыр деңгейдегі диабет кезінде инсулиндік еммен қатар 20-30 г қант беріледі.

2) көмірсу көздеріне, витаминдерге, минаралды заттарға бай тағамдарға, азық-түлік талшықтарына - нан ұнтағына, жармаларға, бұршақ тұқымдастарға, көкөністерге көңіл бөлу.

3) диабет кезінде көмірсуларды бірден шектеу бауырдағы гликогеннің ыдырауына алып келеді.

Сондықтан көмірсулар тәуліктік? қуаттық қажеттілікте 55% шамасында болуы керек.